66. Акционер немесе өзара жасалған келісім бойынша әрекет ететін бірнеше акционер, өздеріне Қоғам акцияларының он немесе одан да көп пайызы жататын болса, олар ірі акционерлер болып табылады және осы Жарғының 65 тармағында көзделгеннен басқа мынадай құқыққа ие:
- акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа қуынуға;
 - Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер ұсынуға;
 - Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

- өз есебінен аудиторлік ұйымның Қоғам аудитін өткізуін талап етуге.
67. Акционерлер – артықшылықты акциялардың иелері басқа акционерлер – жәй акциялардың иелері алдында, артықшылықты акцияларды шығару проспектісінде көзделгендей, алдынала белгіленген кепілді мөлшерде дивидент алуға және Заңда белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған жағдайда оның мүліктерінің бір бөлігін алуға басым құқықты.
 68. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны ол жария еткен акциялардың жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.
 69. Артықшылықты акция акционерге, Заңда белгіленгеннен басқа жағдайда, Қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді.
 70. Жария етілген акцияларын немесе Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын орналастырғысы келген, сонымен бірге бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарын орналастырғысы келген Қоғам оларды сатудан отыз күн бұрын жазбаша хабарлау немесе баспасөзде жариялау арқылы өз акционерлеріне бағалы қағаздарды өздерінде бар акцияларға пропорциялы тең жағдайда, бағалы қағаздарды орналастыру туралы шешім алған Қоғам органы бекіткен баға бойынша сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті. Қоғамның жәй акцияларына ие акционер Қоғамның жәй акцияларына айырбасталатын жәй акциялар мен басқа бағалы қағаздарды сатып алудың басым құқына, ал Қоғамның артықшылықты акцияларына ие акционерлер артықшылықты акцияларды сатып алудың басым құқына ие.
 71. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басым сатып алу құқын жүзеге асыру тәртібін өкілетті орган белгілейді.
 72. Акционерлердің осы бапта көзделген құқықтары тәмәм боп табылмайды. Акционерлер Қазақстан Республикасының Заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

11 бап.

Қоғам акциялары бойынша дивиденттер

73. Қоғамның шаруашылық қызметі нәтижесінде салықтарды төлегеннен кейін алынатын табысы, іс жүзіндегі заңнама бойынша, Қоғамның меншігінде қалдырылып, Қоғам қорын құруға және акцияларға дивиденттер төлеуге пайдаланылады.
74. Акционерлерге тиесілі акциялары бойынша Қоғам төлейтін табыс дивидент болып табылады.
75. Қоғам акционерлеріне дивиденттер жыл қорытындысымен төленеді. Дивиденттерді төлеу шешімі акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.
76. Дивиденттер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивиденттер төлене бастаған датаның алдындағы күні жасалуы тиіс.
77. Артықшылықты акцияларға есептелетін дивидент көлемі осы мерзімде қарапайым акцияларға есептелетін дивидент көлемінен кем болмайды.

78. Қоғамның артықшылықты акцияларына есептелген дивидендтер толық көлемінде төленгенге дейін оның жәй акцияларына дивидендтер төленбейді.
79. Қоғамның артықшылықты акцияларына дивидент төлеу қаржы жылы аяқталғасын жүзеге асырылады.

12 бап. Қоғам органдары

80. Қоғам органдары болып табылады:
- жоғарғы орган акционерлердің Жалпы жиналысы;
 - басқарушы орган Директорлар кеңесі;
 - атқарушы орган Бас директор;
 - тексеруші орган ішкі аудит қызметі.
81. Қоғам органының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.

13 бап.

Акционерлердің жалпы жиналысы

82. Қоғамның жоғарғы органы акционерлердің Жалпы жиналысы болып табылады.
83. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізеді. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартыла алады.
84. Акционерлердің жылдық жиналыстан басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
85. Акционерлердің жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар кеңесі шақырады.
86. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
- 1). Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу не болмаса Жарғының жаңа редакциясын бекіту;
 - 2). Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;
 - 3). Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 4). Қоғамның тексеру комиссиясының сандық құрамын және есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 5). Директорлар құрамының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелерін сыйлықтаудың көлемін және төлеу шарттарын белгілеу;
 - 6). Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 7). жылдық қаржы есебін бекіту;
 - 8). Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жәй акцияларға дивиденттер төлеуге шешім алу және

- Қоғамның қарапайым бір акциясының есебімен жыл қорытындысы бойынша дивидент мөлшерін бекіту;
- 9). Заңның 22 бабының 5 тармағында көрсетілген жағдайда Қоғамның жәй және артықшылықты акцияларына дивиденттер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 10). Қоғамға жататын барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғалар құру немесе олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
 - 11). Қоғам жасаған ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделілік білдірген мәмілелер туралы шешімдерді бекіту;
 - 12). Қоғамның міндеттемелерін өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;
 - 13). Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруды акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және осы ақпаратты баспасөз басылымында жариялау туралы шешім қабылдау;
 - 14). Акциялардың құнын оларды Қоғам бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу кезінде айқындау әдістемесін бекіту;
 - 15). Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 16). Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерге берудің тәртібін белгілеу;
 - 17). басқа да мәселелер.
87. Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында айтылған мәселелер бойынша акционерлік қоғамның жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруші акциялардың сапалық көпшілігімен қабылданады. Қалған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
88. Акционерлік қоғамның жалпы жиналысының күн тәртібін Қоғамның Директорлар Кеңесі қалыптастырады.
 89. Егер акционерлер жиналыс басталардан 15 күн бұрын хабардар етілген болса, Қоғамның жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Қоғамның Директорлар Кеңесі толықтыра алады.
 90. Жиналысқа Қоғамның дауыс беру акцияларының тоқсан бес және одан да көп жиынтығына ие акционерлер қатысып отырса және олардың көпшілігі күн тәртібіне енетін өзгерістерге дауыс берген болса, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге болады.
 91. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтте Қоғамның дауыс беруші акцияларының (акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде дауыс беруге құқылы) жалпы жиынтығы елу пайыздан астам немесе одан да көп мөлшеріне ие және акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркеуден өтсе, акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдауға құқылы.
 92. Бір акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысында бір дауыс беру құқығын береді.
 93. Дауыс санауды жүзеге асыру үшін сайланған адам дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жасақтап, қол қояды. Дауыс

берудің қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылады.

94. Акционер акционерлердің жалпы жиналысында жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет ететін өкілі арқылы қатысып, дауыс беруге құқылы.
95. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын, Жалпы жиналыстың хатшысын, жалпы жиналыста дауыстарды санауға өкілетті адамдарды және акционерлердің хаттамасының дұрыс жасақталуын куәландыратын өкілдерін сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін таңдайды. Жоғарыда атап көрсетілген адамдарды сайлау мәселесі бойынша әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының көпшілік жәй дауысымен алынады.
96. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жалпы жиналыстың хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы және сенімділігі үшін жауап береді. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей рәсімделіп, жалпы жиналыстың төрағасы, хатшысы, жалпы жиналысқа қатысушы ірі акционерлер және жалпы жиналыста дауыс санауды жүзеге асырушы өкілетті адам қол қояды.
97. Барлық жалпы жиналыстардың хаттамалары Қоғам орналасқан жерде сақталатын хаттамалар кітабына тігіледі. Акционерлердің талабы бойынша хаттамалар кітабынан куәландырылған көшірмелер беріледі.
98. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдана алады.
99. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің мәліметтері негізінде тіркеуші құрастырады.
100. Акционерлерге Қоғамның жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау алдынала отыз күннен кешіктірілмей "Казахстанская правда" мен "Егемен Қазақстан" газеттерінде хабарландыру жариялау арқылы жүзеге асырылады.
101. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілуі тиіс:
 - Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - Жалпы жиналысты шақырушы жөніндегі мәліметтер;
 - Жиналыс өткізілетін күн, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды бастап тіркеу уақыты, сондай-ақ, егер жиналыс болмай қалса, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қайта өткізілетін күн мен уақыт;
 - Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
 - Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі материалдармен акционерлерді таныстыру тәртібі.

Акционерлер жиналысы қайта өткізілген жағдайда (болмай қалғаның орнына) жиналыстың күн тәртібі өзгертілмейді.

102. Есеп комиссиясы дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама жасақтап, қол қояды, ол акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылады. Дауыс берудің қорытындысы жалпы жиналыста жария етіледі, жиналыс жабылғаннан кейін, бірақ шешім қабылданғаннан 10 күннен кешіктірмей "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде дауыс беру есебін жариялау арқылы акционерлердің назарына беріледі. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жалпы жиналыс жабылғасын үш күннен кешіктірілмей құралады. Хаттамаға жиналыстың төрағасы, хатшысы, есеп комиссиясының мүшелері, жиналысқа қатысушы және дауыс беретін акциялардың он және одан да көп пайызына ие акционерлер қол қояды.

103. Хаттамада көрсетілуі тиіс:

- Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күн, орны мен уақыты;
- Қоғамның жалпы жиналысына өкілденген дауыс беруші Қоғам акцияларының саны жөніндегі мәліметтер;
- Жалпы жиналыстың кворумы;
- Жалпы жиналыстың күн тәртібі;
- Жалпы жиналыста дауыс беру тәртібі;
- Жалпы жиналыстың төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- Жалпы жиналысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерінің негізгі мазмұны;
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауысқа қойылған әрбір мәселе бойынша дауыстың жалпы саны;
- Дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасақталып, қол қойылғаннан кейін хаттама жасақтауға негізге алынған тікелей құпия және сырттай дауыс беру бюллетендері (сонымен бірге жарамсыз деп табылған бюллетендер де) хаттамамен бірге тігіліп, Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары хаттамасымен, жалпы жиналысқа қатысуға, дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға сенім хаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды сақтауды Қоғамның Бас директоры қамтамасыз етеді және кез келген уақытта акционерге танысу үшін берілуге тиіс.

14 бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

104. Директорлар кеңесі осы Жарғымен Қоғамның жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі

бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттемелерін атқарған кезде сыйақы төленеді және (немесе) олардың Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері міндеттерін атқаруға байланысты шығындары өтеледі.

105. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
- 1). Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
 - 2). Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3). Қоғамның акцияларын жарияланған акциялар шегінде орналастыру және оларды орналастыру құны туралы шешім қабылдау;
 - 4). Қоғамның орналастырылған акцияларын және басқа бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау;
 - 5). Қоғамның жылдық қаржы есептемесін алдынала бекіту;
 - 6). жәй акцияларға дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивиденттерден басқа бір жәй акцияға дивидент мөлшерін белгілеу;
 - 7). Қоғамның акциялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;
 - 8). Қоғамның Бас директорын сайлау, өкілеттік мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9). Бас директордың лауазымдық окладының мөлшерін және еңбегін төлеу, сыйақы төлеу мөлшерін белгілеу;
 - 10). Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы кез келген уақытта, уақытша, Бас директорды Қоғамның директорлар кеңесінің шешіміне дейін қызметінен босатуға құқылы;
 - 11). Қоғамның ішкі аудит қызметінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 12). ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметкерлерінің еңбегін төлеу және сыйлықтау, төлеу шарттары мен мөлшерін белгілеу;
 - 13). бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметін төлеу мөлшерін белгілеу;
 - 14). Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;
 - 15). Қоғамның ішкі қызметінің тәртібін белгілейтін құжаттарын, оның ұйымдастырушылық құрылысын бекіту (атқарушы органның қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарынан басқа);
 - 16). Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру, оларды тарату туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
 - 17). Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметтеріне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 18). Қоғам міндеттемелерін оның өз капиталы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;
 - 19). Бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда қоғамның жаңа тіркеушісін таңдау;
 - 20). Қоғам мен оның қызметінің қызметтік, коммерциялық, заңмен қорғалған және басқа құпиясын құрайтын ақпаратты белгілеу;
 - 21). ірі мәмілелер және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;

- 22). Қоғамның Бас директорының 150000 айлық есепті көрсеткіштен (АЕК) астам сомаға мәміле жасауы туралы шешім қабылдау;
- 23). Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына шақырылған және басқа адамдардың қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 24). Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелерді шешу. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселерді Қоғамның Бас директорының шешуіне беруге болмайды.
106. Директорлар кеңесі үнемі Бас директордың қызметін бақылауға міндетті және Қоғам қызметінің заңнамаға, Қоғамның Жарғысы мен Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылуын қадағалауы тиіс.
107. Директорлар кеңесі Бас директордан Қоғам ісінің жағдайы туралы есеп сұрауына, Қоғамның кітаптарын және құжаттарын, кассасын, бағалы қағаздарын, тауарларын, шикізатын, бұйымдарын және басқа мүліктерін тексеруге құқылы. Тексеру бойынша міндетін Кеңес өзінің бір мүшесіне арта алады және кейбір мәселелерді түсіндіру үшін мамандарды тарта алады.
108. Директорлар кеңесінің акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы шешімдер алуға құқы жоқ.
109. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жылдық жиналысында сайланады және Директорлар кеңесінің бұрынғы жиналысында сайланған мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жалпы жиналыста қайта сайланады.
110. Директорлар кеңесінің сандық құрамы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді, бірақ бес адамнан кем болмайды.
111. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады. Кумулятивті дауыс беруді жүргізген кезде, Қоғамның әрбір дауыс беру акциясына Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санына тең болатын дауыс саны келеді. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын Директорлар кеңесіне мүшелікке бір кандидат үшін толық беруге немесе оларды бірнеше Директорлар кеңесіне кандидатқа бөле алады. Неғұрлым көп дауыс санын алған кандидаттар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған болып табылады.
112. Директорлар кеңесінің мүшесі кез келген уақытта өз еркімен Директорлар кеңесін жазбаша хабарлап, өкілеттігін тоқтатуға құқылы. Егер хабарламада алты айдан аспайтын неғұрлым кеш мерзім көрсетілмесе, Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі жазбаша хабарлама алған кезден бастап тоқтатылады және бұл мерзім Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.
113. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны акционерлердің жылдық жиналысында сайланғанның жартысынан аз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау үшін Қоғам акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана Қоғам акционерлерінің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

114. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік даусымен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта өзінің төрағасын жәй көпшілік дауыспен қайта сайлауға құқылы.
115. Директорлар кеңесінің төрағасы оның жұмысын ұйымдастырады, Кеңестің мәжілісін шақырады және онда төрағалық етеді, мәжілісте хаттама жүргізуді ұйымдастырады.
116. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісі Төрағаның немесе Қоғамның Бас директорының бастамасымен, сондай-ақ, мыналардың талабы бойынша шақырыла алады:
- Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
 - Қоғам аудитін жүргізуші аудиторлық ұйымның;
 - ірі акционердің.
117. Директорлар кеңесін шақыру туралы талапта болуы керек;
- мәжілісті шақыру бастамашысының атауы;
 - мәселені қою дәлелдемесі көрсетіліп ұсынылған күн тәртібі.
118. Егер Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісіне Директорлар кеңесінің сайланған мүшелер санының жартысы қатысса, онда ол құқықты болып табылады.
119. Директорлар кеңесінің мәжілісінде шешімдер қатысып отырғандардың санының көпшілік даусымен қабылданады. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің даусын Қоғамның директорлар кеңесінің екінші мүшесіне беруіне тыйым салынады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, дауыстың шешімді құқығы Төрағасына тиісті.
120. Қоғамның директорлар кеңесінің мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Ол мәжіліс өткізгеннен кейін үш күннен кешіктірілмей құрастырылуы тиіс.
- Мәжілістің хаттамасында болуы керек:
1. акционерлік қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 2. директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу орны және уақыты;
 3. директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысқан адамдар;
 4. директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі;
 5. дауысқа салынған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 6. қабылданған шешімдер.
121. Хаттамаға мәжілісте төрағалық етуші, Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы қол қойып, қоғамның мөрімен бекітіледі.

15 бап. Қоғамның атқарушы органы

122. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді Бас директор жүзеге асырады. Бас директор Қоғам акционерлері жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды. Бас директор қызмет бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.
123. Қоғамның Бас директорын тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімі бойынша

- Кеңес мәжілісіне қатысып отырғандар санының жәй көпшілік даусымен жүзеге асырылады.
124. Қоғамның Бас директорының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен белгіленеді. Шартқа Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Кеңестің өкілеттік берген тұлғасы қол қояды. Қоғам мен Бас директордың арасындағы қатынастарға еңбек туралы заңдардың шартпен және "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның ережелерімен реттелмеген бөлігі қолданылады.
 125. Бас директордың құзыретіне "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, Қоғамның жарғысымен, Директорлар кеңесінің ережелерімен және акционерлер жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің қабылдаған өзге де құжаттарымен белгіленген акционерлердің жалпы жиналысының немесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Қоғамның ағымдағы қызметінің барлық мәселелері жатады.
 126. Бас директор үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, сондай-ақ оның мүдделерін білдіреді, Қоғамның мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді. Қоғамның мүлкіне өзбастақ өкімдік етеді. Өзінің құзыреті шеңберінде Қоғамның құрған қорлары мен резервтерінің қаражаттарын қолданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімінсіз 150000 АЕК дейінгі көлемде мәмілелер жасайды. Бюджет пен контрагенттер алдындағы шаруашылық шарттар бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етеді. Заңды және жеке тұлғаларға талап қою туралы және Қоғамға қойылған талаптарды қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды. Қоғамның бухгалтерлік және статистикалық есептемесін ұйымдастырып, қамтамасыз етеді және олардың дұрыстығына жауап береді. Қоғам қызметкерлері үшін жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауды, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. Ұжымдық шартты дайындауды, жасақтауды және орындауды қамтамасыз етеді. Штаттарды бекітеді. Қоғамның қызметкерлерін (ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінен басқа) қызметке тағайындау туралы, оларды қызметтен ауыстыру және босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылардың және жеке үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақылар беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады. Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауына міндетті басқа да бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.
 127. Қоғамның бас директорының басқа ұйымдардың басқару органдарындағы қызметтерін қоса атқаруы Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен болады.

16 бап.

Қоғамның ішкі аудит қызметі

128. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін құрамы үш адамнан кем емес ішкі аудит қызметі құрылады.
129. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды және Бас директор тағайындай алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында жауап береді.

17 бап.

Қоғамның басқару органдарына кіретін тұлғалардың жауапкершілігі

130. Қоғамның лауазымды адамдары (Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері, Бас директор) сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлері өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде Қоғам мүддесіне әрекет етуі, Қоғамға қатысты өз құқықтары мен міндеттерін адал және парасатты жүзеге асырулары тиіс; Қоғамның мүліктері мен мүліктік құқықтарын осы Жарғыға және акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауы керек немесе өзгелердің пайдалануына жол бермеуі тиіс; Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды ашуды және беруді бақылайды.
131. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері, Бас директоры, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлері өздерінің кінәлі іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірген зияндары үшін Қоғам алдында Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі заңнамасына сәйкес жауап береді.
132. Қоғамға зиян келтіруге әкеліп соққан шешімдерге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері мұндай зиян үшін жауап бермейді.
133. Жарғының 17-бабандағы ережеге сәйкес жауапкершілікті бірнеше адам көтерген жағдайда, олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ынтымақтасқандық болып табылады.
134. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде лауазымды адамдардың үстінен қоғам шеккен залал мен шығынды өтеуі туралы қуынып сотқа жүгінуге құқылы.

18 бап.

Ірі мәмілелер.

Қоғамның мәміле жасауына мүдделілік

135. Ірі мәмілеге мыналар жатады: нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен айыратын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы; нәтижесінде қоғам өзінің орналастырылған бағалы

- қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы.
136. Ірі мәмілелерге мыналар жатпайды: әдеттегі шаруашылық қызметі процесінде жасалатын мәмілелер қатарына жататын, бірақ ірі мәмілелер белгісіне түсетін мәмілелер; оларға: өнімдер өндіру, шикізат, материалдар жеткізуді қамтамасыз ету, қаржылық қызметтер көрсету; құрылыс және басқа жұмыстарды орындау үшін жасалатын мәмілелер, сондай-ақ салық және басқа бюджетке төленетін міндетті төлемдер, жалдау ақысы, қоғам келтірген зияндарды қанағаттандыру есебіне төлемдер және басқалар жатады.
137. Ірі мәміленің нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заң актісіне сәйкес белгіленеді.
138. Егер нарықтық құнын белгілеу қажет болатын мүлік ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста жүрген бағалы қағаздар болса, олардың нарықтық құнын белгілеу кезінде осындай бағалы қағаздармен мәмілелердің осындай рынокта қалыптасқан бағасы немесе осындай бағалы қағаздарға сұраным мен ұсынымның бағасы есепке алынады.
139. Егер нарықтық құнын анықтау қажет болатын мүлік қоғамның өз акциялары болса, олардың нарықтық құнын белгілеу кезінде қоғамның өзіндік капиталының мөлшері де, қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективасы мен өзге де факторлар есепке алынады.
140. Қоғамның ірі мәмілені жасауы туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды. Қоғамның ірі мәміле жасау туралы шешімін бекітуді акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Ірі мәмілені жасауға қажетті ақпаратты (құжаттарды жалғай отырып) акционерлердің жалпы жиналысына Бас директор береді. Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған қоғам кредиторлары мен акционерлеріне хабарлау мақсатында қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ірі мәмілені жасау туралы шешімді бекіткеннен кейін бес күн ішінде мәміле туралы хабарды баспасөз басылымында жариялауға міндетті.
141. Ірі мәміле жасау туралы шешімге қарсы дауыс берген акционер жалпы жиналыс шешімі қабылданғаннан кейін отыз күн ішінде өзіне тиесілі акцияларды заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамның сатып алуын талап етуге құқылы.
142. Мүдделілік болуына орай қоғамның мәмілелерді жасасуы туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды. Мүдделілік болуына орай қоғамның мәмілелерді жасасуы туралы шешімді бекітуді акционерлердің жалпы жиналысы оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен қабылдайды. Бұл орайда акционерлердің жалпы жиналысына мұндай мәмілені бекіту туралы негізделген шешім қабылдауға қажетті ақпарат (құжаттармен қоса) беріледі.
143. Ірі мәмілені және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасасу кезінде осы Жарғыда көзделген талаптарды сақтамау

мүдделі тұлғалардың қуынуы бойынша сот тәртібімен бұл мәмілелерді жарамсыз деп тануға әкеліп соғады.

144. Осы Жарғыда көзделген тәртіп талаптарын бұза отырып Қоғамның мәміле жасалуына мүдделі тұлға Қоғам алдында өзінің қоғамға келтірген шығыны мөлшерінде жауап береді. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олардың қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болады.
145. Осы Жарғыда белгіленген талаптарды бұза отырып қасақана ірі мәміле жасаған тұлғаның мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқы жоқ, егер мұндай талап пайдакүнемдік немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туса.

19 бап.

Есепке алу және есеп беру. Қоғам құжаттарын сақтау тәртібі. Қоғам туралы ақпарат

146. Қоғамның қаржылық есептілігі қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есебін, ақша қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес өзге де есептілікті қамтиды. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңдарымен және бухгалтерлік есептің стандарттарымен белгіленеді.
147. Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін өткен жылға жасалған жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді.
148. Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес жасалады. Жылдық қаржылық есептілікті директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей бекітуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.
149. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі.
150. Қоғамның Бас директоры қоғамдағы бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуына, жағдайына, дұрыстығына, тиісті органдарға жыл сайын есеп және басқа қаржылық құжаттамалардың уақытында берілуіне, сондай-ақ қоғамның қызметі туралы оның акционерлеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін мәліметтерге жауап береді.
151. Қоғам төмендегі құжаттарды сақтауға міндетті:
- Қоғамның Жарғысы, заңға сәйкес тіркелген Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, Қоғамды құру туралы шешім, қоғамның мемлекеттік тіркеуден өткендігі туралы куәлігі, Қоғамның статистикалық картасы;
 - салық төлеуші есебіне қойылғандығы туралы куәлік (СТН);

- Қоғамның иелігіндегі мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;
 - Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен өзге де басқару органдары бекіткен қоғамның ішкі құжаттары;
 - Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
 - жылдық қаржылық есеп;
 - шығарылған бағалы қағаздардың проспектілері;
 - бухгалтерлік есеп құжаттары;
 - тиісті органдарға берілген қаржылық есептердің құжаттары;
 - Қоғам акционерлерінің жалпы жиналыстарының, директорлар кеңесі мен есеп комиссиясы мәжілістерінің хаттамалары, дауыс берген бюллетендері;
 - Қоғамның афилиирленген тұлғаларының, оларға тиесілі акцияларының саны мен санаты (түрі) көрсетілген тізілімдер;
 - ішкі аудит қызметінің, тәуелсіз аудитордың, мемлекеттік қаржы бақылау органдарының қортындылары;
 - қолданыстағы заңдарда, Қоғамның Жарғысында, акционерлердің жалпы жиналыстарының, Директорлар кеңесінің шешімдерінде көзделген өзге де құжаттар.
152. Қоғам көрсетілген құжаттарды оның атқарушы органының орналасқан жерінде сақтайды. Істердің номенклатурасын және оларды ведомство мұрағатында (қоғам мұрағатында) сақтау мерзімін Директорлар кеңесі белгілейді.
153. Қоғам бухгалтерлік есепке алу құжаттарын қоспағанда өз акционерлеріне Жарғының 151-тармағында көзделген құжаттарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.
154. Акционердің жазбаша талап етуі бойынша қоғам бір айдың ішінде оған ақысына көрсеткен құжаттарының көшірмелерін береді. Ақының мөлшері құжаттардың көшірмелерін дайындауға кеткен шығындардың құнынан және құжаттарды почта арқылы жіберуге байланысты төленген шығындардан аспауы тиіс.
155. Қоғам жыл сайын "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінің беттерінде жылдық теңгерімі және табыстары мен зияндары туралы есепті жариялайды.
156. Қоғамды халықтық қоғам түріне жатқызған жағдайда оның қызметі туралы ақпараттың тізбесі мен мерзімі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі және Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен реттеледі.

20 бап.

Қоғамды қайта ұйымдастыру мен тарату

157. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өз еркімен қайта ұйымдастырылуы мүмкін. Басқа негіздер, сондай-ақ қоғамның қайта ұйымдастыру тәртібі қолданыстағы заңнамамен белгіленеді.
158. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.
159. Қоғам қосылу арқылы қайта ұйымдастыруды қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қайта ұйымдастырылған деп саналады.

160. Қоғамды басқа қоғамға қосу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде оның ішіндегі біреуі мемлекеттік тіркеу органының заңды тұлғаларды Жалпы мемлекеттік тізілімге қосылған қоғамның қызметін тоқтату туралы жазу енгізілген күннен бастап қайта ұйымдастырылған деп саналады.
161. Жаңа қоғамның Жарғысын бекіту және органдарын сайлау қайта ұйымдастыру шартымен белгіленетін мерзімде өткізілетін жаңадан пайда болған қоғам органдарының ұсынысы бойынша акционерлердің жалпы жиналысында жүзеге асырылады.
162. Қоғамды қайта ұйымдастырған кезде Жарғыға сәйкес өзгерістер енгізіледі, өткізу актісі мен бөлініс теңгерімі құрастырылады. Өткізу актісі мен бөлініс теңгерімінде қоғамның барлық міндеттемелері бойынша құқықты қабылдаушы туралы ережелері болуы тиіс.
163. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өз еркімен не болмаса Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі заңнамасында көзделген негіздермен сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін.
164. Қоғам сот шешімі бойынша таратылғанда немесе өз еркімен таратылған жағдайда – акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша тарату комиссиясын (таратушыны) тағайындайды.
165. Тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап, қоғамның істерін басқару бойынша барлық өкілеттер оған өтеді. Тарату комиссиясы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте қоғамды таратуды жүргізеді.
166. Қоғамдағы тарату бітірілген, ал қоғам өзінің тіршілігін мемлекеттік тіркеу органы заңды тұлғалардың Жалпы мемлекеттік тіркеуіне сәйкес жазу енгізілген күннен бастап тоқтатқан деп саналады.
167. Қоғамды қайта ұйымдастыру мен тарату рәсімі және оның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
168. Таратылатын қоғамның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін акционерлер арасында бөлуді тарату комиссиясы мынадай кезектілікпен жүзеге асырады:
- бірінші кезекте - Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына сәйкес сатып алынуға тиіс акциялар бойынша төлемдер;
 - екінші кезекте-артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу;
 - үшінші кезекте-жәй акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу;
 - төртінші кезекте-артықшылықты акциялардың құнын өтеу;
 - бесінші кезекте-жай акциялардың құнын өтеу;
 - қалған мүлік барлық акциялар иелерінің арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай бөлінеді.
- Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады. Егер таратылатын қоғамның мүлкі есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді төлеуге және артықшылықты акциялардың құнын өтеуге жеткіліксіз болса,

аталған мүлік түгелдей осы санаттағы акционерлер арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай бөлінеді. Әрбір кезектегі мүлікті бөлу алдыңғы кезектің талаптары түгел бөлініп болғаннан кейін жүзеге асырылады.

21 бап.

Қортынды ережелер

69. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болған болса, онда оның басқа ережелеріне қатысы жоқ. Сол жарамсыз болған ереже құқықтық қатынас жағынан мағынасына жақын ережемен өзгертіледі.
170. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмайтын Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар акционерлердің жалпы жиналысымен енгізілуі мүмкін.

22 бап.

Күшіне ену

171. Осы Жарғы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Бас директор



С. Е. Кырымқұлов

05 ОКТ 2004

« » г. ж. Мән Ермухамбетова К.Ш.,
г. Я,

Маңғыстау нотариаттық округы Ақтау қаласы нота-
нотариус города Ақтау Мангистауского нотариального
риусы, Казакстан Республикасы Әділет Министрлігімен
округа, лицензия № 0000839 от 18.10.2000 г. выдана
18.10.2000 жылы берілген № 0000839 лицензия
Министерством Юстиции РК, сзидательствую верность
бойынша, аз. Карлығаш Шалағатовна менін
подписи гр. Карлығаш Шалағатовна қолына
көзімше қойған қолының түпнұсқалығын
сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего
куаландырамын қол қоюшының жеке басы анықталды.
документ установлена.

Тізілімге тіркелді № 12505

Зарегистрировано в реестре за

Төленген сома ам. 80

Взыскано

Нотариус [Signature]

Карлығаш Шалағатовна Ермухамбетова
Толмоғише
Урбанов
Төлеген
А.О. М.М. Урбанов



Handwritten notes and stamps:

- Blue circular stamp: КЕҢСЕ КАНЦЕЛЯРИЯ
- Blue circular stamp: ШАЛАҒАТОВНА
- Blue circular stamp: ШАЛАҒАТОВНА
- Blue circular stamp: ШАЛАҒАТОВНА
- Rectangular stamp: ПАРАҚТА, НӨН ДЕНГЕН. НОТАРИУСТЫҚ МӨРІМЕН
- Handwritten notes: *Копия берілді*, *зав. канц.*, *Копия берілді*, *зав. канц.*